

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

15июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART II

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы.**
– Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.
Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.
Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities»
Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330 (063)

ОҚО-НЫҢ ҚАЛАЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ

Каркинбаева Ш.И., Кенжебекова Ж.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.,

Малдыбай К.А.

Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, Алматы қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: Sh_karkinbaeva@enu.kz, Jadira_96.16@mail.ru, kamshat_kam@mail.ru

Бүгінгі қазақ қоғамында «Гендерлік саясат» деген сөз естілсе мұны феминистік қозғалыс дейтіндер де аз кездеспейді. Оны еркектерді басып, әйелдерді көтеру, шексіз билікке қол жеткізу деп түсінбеуіміз қажет.

Еліміздегі аса маңызды демократиялық процесс - ұлттық гендерлік саясат. Елбасы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік тепе-теңдіктің стратегиясы билік пен қоғамның әрекет етуінде ерлер мен әйелдердің теңдігіне бағытталған. Халықаралық стандарт принциптеріне негізделген еліміздің нормативтік-құқықтық базасы жүйелі түрде жетілдірілген. 2009 жылдың желтоқсан айында алғаш рет гендерлік бағытталған заңнама – «Тұрмыс қажеттілігіне күштеуді жою», «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктеріне байланысты мемлекеттік кепілдеме» заңдары қабылданд. Басқару саласында әйелдер айтарлықтай көп. Мысалы, мемлекеттік қызметтегі орталық және жергілікті атқарушы орындарда жұмыс істейтіндердің 63 пайызы әйелдерден тұрады. Ал жетекші қызметтегі әйелдердің жөні бөлек. Олардың саны әлемдік талаптармен (30 пайыз) салыстырғанда біршама төмен екені рас.

Гендерлік тең құқық болуы үшін билік басында қоғамға үн қататын, өжет, қайсар ханымдардың болғаны маңызды. Әйелдер ақыл-парасаты жағынан да, білімі, кәсіби шеберлігі мен қабілеті жағынан да ер адамдардан еш қалыспайды. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Қыз-келіншектердің еңбектегі және интеллектуалдық потенциалын билікте де пайдалану керек.

Қазақстанда мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы гендерлік теңдік пен әріптестік ынтымақтастыққа жағдай жасайтын нормативтік құқықтық акті жоқ. Осыған байланысты «Әйелдер мен еркектердің тең құқықтары мен бірдей мүмкіндіктері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу қажеттілігі туындағаныны байқалады. «Қазақстан Республикасындағы 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» 2005 жылы қарашаның 29-ында Елбасының Жарлығымен бекітілген болатын.

Еліміздің саяси-қоғамдық өмірінде ерлер мен әйелдердің жынысына байланысты бөлмей, тең құқығын қамтамасыз етуді көздейтін стратегиялық жоспар 9 бөлімнен тұрады. Онда әйелдер мен ерлердің гендерлік теңдігін шынайы қамтамасыз ету, қоғамдық-саяси өмірде, экономикада гендерлік теңдікке қол жеткізу, құқықтық және гендерлік білімді жетілдіру мәселелері қамтылған. Сондай-ақ ерлер мен әйелдердің денсаулығын нығайту, адам жынысына орай қоғамдағы зорлық-зомбылықтардың алдын алу, отбасындағы гендерлік теңдікке қол жеткізу, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттырып, шаңырақтың тұтастығын сақтауға негіз қалау салалары да осы аталған жоспарда көрініс тапқан. Қоғамды адамдардың санасын гендерлік саясатты дұрыс түсінуіне жағдай жасау жағы да қарастырылған.

Демократияның бір белгісі – гендерлік теңдік. Әйелдерді түрлі ауыртпалықтан босатып, 100 % теңдік ала алмай жүрген, әйелдер үшін еркіндік беру деген сөз.

1. Гендерлік теңсіздік индексі.

2016 жылдың 12 айында Кентау қаласында тұрғындар саны 94 895 адам, оның ішінде 48 395 әйел болса, 46 500 ер азамат. 50,9%-ды әйелдер құрап тұр.

2016 жылы қала тұрғындарымен келесідей іс-шаралар өткізілді:

19 қаңтар күні Кентау көп салалы колледжінде «Әрдайым жұмыс жасайтын көшбасшылар мектебін ұйымдастыру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

5 наурыз күні «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай кітапханада «Ана өмір гүлі, ұлық иесі» көп балалы аналармен кездесу кеші және «Отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналар, еңбек озаттарын, белсенді жастар өкілдері, өз салаларында елеулі жетістіктерге жеткен және қаланың дамуына үлес қосқан әйел азаматтары үшін қала әкімінің салтанатты қабылдауы ұйымдастырылды.

Ш.Қалдаяқов аындағы мәдениет сарайында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналыс және концерт ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шарада 20 әйел марапатталды.

Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардағы әйелдерге құрмет көрсету мақсатында Кентау қаласының әкімінің құттықтаулары ұйымдастырылды. Қала әкімі озат еңбеккер, мүгедек, 90-нан асқан ана, соғыс ардагері, ҰОС ардагерінің жесірі – жалпы 5 ананың үйіне барып құттықтап, сый-сияпат жасады.

Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайында көркем гимнастика түрін насихаттауға арналған мәдени-спорттық іс-шара өткізілді.

Жергілікті «Кентау шұғыласы», «Кентау», «Қаратау тәжі» газеттерінде табысқа жеткен әйелдер, генерлік саясат бойынша атқарылған жұмыстар, аналар, балалар тәрбиесі, т.б. тақырыптар бойынша 41 мақала жарияланып, «Икар» телеарнасынан 8 наурызға арналған қаланың белсенді әйелдері туралы 4 бейнеролик көрсетілді.

2. Қоғамдық-саяси өмірдегі гендерлік теңдік жетістігі.

2016 жылдың 12 айында Кентау қаласы бойынша 126 мемлекеттік қызметші, оның 57-сі әйел (45 пайыз), оның ішінде Кентау қаласында шешім қабылдау деңгейіне көтерілген әйелдер – 1 ауыл әкімі, 2 әйел дербес бөлім басшылары, 1 әйел ауыл әкімінің кеңесшісі.

3. Экономикадағы гендерлік теңдік жетістігі:

- әйелдер мен ерлердің жалақыларының арақатынасы – орташа есеппен алғанда әйелдер жалақысы 83013 теңге, ал ерлер 93755 теңге, арақатынасы 10742 теңге құрап тұр;

- әйелдер мен ерлердің арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 1807 адам (16-299 жас аралығы – 540 адам жұмыссыз, 29 жастан жоғары – 1267 адам);

- меншік иелері әйелдер болып жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны – 25;

- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелгендері – 3387 (оның ішінде әйелдер 987).

4. Гендерлік білім туралы мәліметтер, білім саласы бойынша индикаторлар.

Кентау қалалық білім беру бөліміне қарасты 23 орта мектеп, облыстық «Дарын» мектеп-интернаты, облыстық арнайы мектеп-интернаты, қазақ-түрік лицейі бар. Мектептен тыс 4 мекеме бар: Балалар саз мектебі, Балалар сурет мектебі, Кентау оқушылар үйі, Жас туристер станциясы.

Мекеменің басшыларының 15 ер адамдар, 34 әйел адамдар, 70 пайызды әйелдер басқарады.

Мектепке дейінгі 21 мекеме басшыларының бәрі әйелдер. Психологиялық-педагогикалық бейімдету және балаларға көмек көрсету орталығы – 1, 7 арнаулы оқу орындарының 3-ін әйел азаматы басқарады.

1709 ұстаз қызмет атқарса, оның әйел мұғалімдері – 1196, қалғаны 513 ер мұғалімдер. Мектептерде әйел директорларының саны – 10, ер директорларының саны – 13. Мектептен тыс мекеме басшылары 2-і әйел, 2-уі ер адам.

Ерлер мен әйелдердің өсімпаздық денсаулығын нығайту:

- ерлер мен әйелдердің арасындағы олардың денсаулығына әсер ететін ауру сырқаулардың деңгейі: - 122 - 149,2 пайызды құрап отыр;

- ерлер мен әйелдердің өмір жасын ұзартуды арттыру: – 70, 9%;

- әйел денсаулығының индексі: 687 – 43,1 %;
- ана өлімінің деңгейі - 0;
- жүкті әйелдер арасындағы ВИЧ індетінің тараулары – 0;
- аборт жасау деңгейі: 73 – 4,0 %;
- босануға жәрдем берілетін мамандандырылған мекемелерде, өзге медициналық мекемелерде, оның ішінде үйде (бөлек) қабылданған босанудың үлесі: 5 – 0,2%;
- контрацептивтерді пайдалану деңгейі: 7177 – 43,50%;
- анемиямен, сондай-ақ йод жетіспеушілігімен байланысты аурулармен науқастанудың деңгейі: ересек – 738, жасөспірім – 42, балалар – 988;
- сүт безі рак ауруынан арасындағы өлім-жітімнің деңгейі: - 1 -1,2%;
- жыныстық қатынас арқылы жұғатын инфекциялардың таралу деңгейі: - 67 – 71,9%;
- 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітімнің деңгейі: - 24 – 12,5%;
- жас сәбилер өлімінің деңгейі: 16-і тіркеліп, 8,3% құрап тұр.

6. Қоғамда жыныстық белгілері бойынша зорлық-зомбылықты болдырмау.

Кентау қалалық ішкі істер бөлімінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі тобында 1 қызметкер жұмыс атқарады, тіркелген зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы мәліметтер: 2016 жылы қалалық ішкі істер бөлімінде әйелдерге қатысты 338 қылмыс болды. Оның отбасындағы келіспеушіліктен туындағаны -73. Қозғалған қылмыстық істер – 169, 169 қылмыстық істер қысқартылды. Мекен-жайы бойынша жасалғаны – 191. Бұзақылық әрекет жасаған – 9, қоғамдық орындарда жасалғаны – 137, қызғаныштан жасалынған, жұмыс орнында жасалынған қылмыс жоқ. Сондай-ақ бірігіп спирттік ішімдік ішіп жасалынған, ұрыс-керіс салдарынан жасалынған, лауазымды қызметін пайдаланып жасалынған, бұзушылық арқасында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жәйттер орын алған жоқ. Жеңгетайлықпен, жезөкшелік пен әйелдерді есірткі заттарға байлаудың алдын алу мақсатында, учаскелік өкілдермен және шұғыл іздестіру бөлімшелерімен бірігіп рейдтерге шығып профикалық жұмыстар жүргізілуде:

- дағдарыс орталықтарының саны – 0;
- гендерлік зорлық-зомбылыққа арналған теле-радиохабарлар, хабарлар, ақпараттық роликтер – 15, жарияланымдар саны – 5.

7. Отбасындағы гендерлік теңдік жетістігі:

- Кентау қаласы бойынша некеге отырғандар саны – 643 рәсімдер тіркелген. Ажырасу саны – 178 құрайды(15-17 жас аралығындағы неке кию -2, ажырасу - 0),
- толық емес отбасылар саны - 954 отбасы, балалы анадан тұратын үй шаруашылықтары – 793, балалы әкеден тұратын үй шаруашылықтары – 161.

Қорытындылай келе, жалпы әйел заты қазақ қоғамы үшін қазақ мемлекеті үшін қашанда болмасын ардақты саналған. Елімізде халқымыздың тең жартысы әйел қауымынан тұрады. Бүгінгі таңда әйелдер ошақ басындағы қазанның құлағында емес, денсаулық сақтау, ағартушылық жүйенің, мемлекеттік қызметтің, сондай-ақ, бизнестің де құлағын ұстағанына қарамастан отбасының жарасымдылығына көп үлес қосып отырғандығы елге жасырын емес.

Әдебиет:

1. ОҚО-ның ауылдық аудандарында гендерлік саясатты жүзеге асыру арқылы азаматтық қоғамды дамыту – Развитие гражданского общества через реализацию гендерной политики в сельских районах ЮКО –Strengthening Civil Society through Gender Policy Integration in Rural Areas of South Kazakhstan Oblast/; ауд.: С.У.Калменов – Шымкент: Жебе, 2007. – 208б.
2. Қазақстан Республикасында гендерлік теңдік принциптерін ілгерілету жылжыту туралы базалық зерттеу: Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бағалау/ - Астана, 2009. – 32б.

3. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасы заңына түсіндірмелер; ҚР Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия – Астана, 2011. – 204б.

РЕИНЖИНИРИНГ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ КӘСПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Нурбаева А. Т., Берденова А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aizhan.nurbaeva87@mail.ru

Бизнесті трансформациялау – бір үдерістерді автоматтандыру, оңтайландыру және жою, сондай-ақ бизнес тиімділігін жоғарылатуына бағытталған басқа үдерістерді құру арқылы компания қызметіндегі ауқымды түрлендіру бағдарламасы. Трансформация – бұл түпкі мақсаты компания акцияларының бағасын арттыру болып табылатын, компанияны нысан бойынша да, мазмұны бойынша да өзгертудің күрделі де ұзақ үдерісі [1].

Бизнесті трансформациялау бағдарламасының мақсаты мен тапсырмалары:

а) бизнес-үдерістерді және құрылымдарды стандарттау мен оңтайландыру, үздік тәжірибелерді қолдану, тиімсіздікті анықтау және жою;

б) әрбір бизнес-үдерісте тиімділіктің өлшенетін көрсеткіштерін ендіру және басқарудың операциялық та, жоғарғы деңгейінде де жүйелі өлшеулерді енгізу арқылы қызмет тиімділігін жоғарылату;

в) тиімділік көрсеткіштерінде негізделген есептіліктің оңтайландырылған жүйесін құру;

г) бірыңғай ақпараттық кеңістікті және басқарудың біріктірілген жүйесін құру.

Бизнестің реинжинирингін жүргізе отырып, сапаны өзгерту. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында Мемлекет басшысы елді әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосу туралы міндет қойды. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры мен «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ үшін бұл сапалы өсуді, тиімділікті әлемнің жетекші корпорацияларының деңгейіне дейін жеткізуді білдіреді. Осыған орай қор бизнесті реинжинирингілеу ауқымды бағдарламасына бастамашы болды. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың еншілес ұйымдарының ішінде бірінші болып құрылымдалды және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың компаниялар тобының қызметтердің реинжинирингі бағдарламасына кірісті. Іс жүзінде компания бизнесті реинжинирингілеуді 2010-2011 жылдары шешуші стратегиялық құжаттар мен корпоративтік және мемлекеттік деңгейлердегі бастамаларды бекіткеннен кейін бастады. 2010 жылы көлік инфрақұрылымының даму бағдарламасы мен салалық даму бағдарламасы бекітілді, 2011 жылы Мемлекет басшысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ базасында халықаралық деңгейдегі көлік-логистикалық компания құруды тапсырды. Соған сәйкес компанияның Миссиясы мен Пайымдары жаңартылды. (Кесте 1)

Компанияның күшті және әлсіз жақтарын оның жағдайына және сыртқы ортаның болжанған динамикасына қатысты талдау компанияның стратегиялық пайымдауына сәйкес келетін оның жаңа сапалық деңгейге көшуі үшін жүйені реинжинирингілеудің ұзақ мерзімді дамуын, мақсаттарын, міндеттерін және мәнін анықтауға жағдай жасайды.